

Кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 15 шілдедегі № 619 бұйрығы

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықтың көшірмесін бір апта мерзімінде Қазақстан Республикасы Әділет министріне, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына және ресми баспасөз басылымдарына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

міндетін атқарушы

*М и н и с т р д і ң
Б. Нұрымбетов*

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы 15 шілдедегі
№ 619 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының күші жойылды деп тануға жататын кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Бүлдіршін жастағы балаларда психикалық-дене бұзылыстары скринингін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 29 қаңтардағы № 83 бұйрығы (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2159 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа да орталық мемлекеттік органдар актілерінің жинағында 2003 жылы № 12 болып жарияланған).

2. "Бүлдіршін жастағы балаларда психикалық-дене бұзылыстары скринингін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 29 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 24 шілдедегі № 379 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5744 болып тіркелген, "Заң" газетінде 2009 жылғы 28 тамызда № 131 б о л ы п ж а р и я л а н ғ а н) .

3. "Ерте шақтағы балалардың есту қабілеті бұзылуының скринингін және диагностикасын ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 28 қыркүйектегі № 478 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5828 болып тіркелген, "Заң" газетінде 2009 жылғы 17 қарашада № 175 болып жарияланған).

4. "Ана мен бала денсаулығын сақтау жөніндегі медициналық ұйымдардағы стационарлық көмек көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 7 шілдедегі № 498 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6370 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 241 б о л ы п ж а р и я л а н ғ а н) .

5. "Қазақстан Республикасының балаларына аллергологиялық көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 шілдедегі № 532 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6411 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2010 жылғы 14 қыркүйекте № 241 болып жарияланған).

6. "Ана мен бала денсаулығын сақтау саласында медициналық көмекті жетілдіру бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 164 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6897 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа да орталық мемлекеттік органдар актілерінің жинағында 2011 жылы № 6 болып жарияланған).